

«Астана медицина университеті» КеАҚ  
Басқармасының шешімімен  
бекітілді  
2026 ж. «26» 05 № 12 хаттама



## ЕРЕЖЕ

### «АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕГРАЛДЫҚ GPA ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ

Е-АсМУ-15-02-26

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ

ТУПНҰСҚА/ОРИГИНАЛ

Астана қ.

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ

ТІРКЕУ № 60

«04» 06

2026 ж.

|                                                                                                                  |                                                                                                 |                                 |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|
| <br>ASTANA MEDICAL<br>UNIVERSITY | «Астана медицина университеті» КеАҚ<br>Менеджменттің интеграцияланған жүйесі                    | Е-АсМУ-15-02-26<br>№ 1 басылым. |
|                                                                                                                  | «Астана медицина университеті» КеАҚ<br>білім алушыларының интегралдық GPA енгізу туралы ережесі | 15 беттің 2-беті                |

### АЛҒЫСӨЗ

1. ӘЗІРЛЕГЕН Өлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті
2. ӘЗІРЛЕУШІ Өлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментінің директоры  
З.Н. Шаймерденова
3. ЕНГІЗГЕН Өлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті  
З.Н. Шаймерденова
4. БЕКІТІЛДІ 2026 жылғы «26» 05 01/2 хаттама
5. КҮШІНЕ ЕНДІ «26» 05 2026 ж.
6. КЕЛІСІЛДІ Академиялық жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі А.К. Досанова  
Клиникалық жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі А.Д. Шакенов  
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі З.Т. Шульгау  
Стратегиялық дамыту және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі  
проректор, Басқарма мүшесі А.О. Мысаев  
Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы М.Е. Тукбекова  
Аккредитация және сапаны басқару Департаментінің директоры  
А.Б. Жунусова  
Өлеуметтік-тәрбие жұмысы Департаментінің директоры  
З.Н. Шаймерденова  
Студенттік ректор Н. Сайдакбарова
7. ҚАЙТА ҚАРАУ  
МЕРЗІМДІЛІГІ қажет болған жағдайда

|                                                                                                                  |                                                                                                               |                                                     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| <br>ASTANA MEDICAL<br>UNIVERSITY | <b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b><br><b>Менеджменттің интеграцияланған жүйесі</b>                    | Е-АсМУ-15-02-26<br>№ 1 басылым.<br>15 беттің 3-беті |
|                                                                                                                  | <b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b><br><i>білім алушыларының интегралдық GPA енгізу туралы ережесі</i> |                                                     |

## МАЗМҰНЫ

|                                                         |    |
|---------------------------------------------------------|----|
| 1. Жалпы ережелер                                       | 4  |
| 2. Негізгі бөлім                                        | 4  |
| 3. Қайта қарау, өзгерістерді енгізу, сақтау және тарату | 10 |
| 1-қосымша «Зерттеу белсенділігінің көрсеткіштері»       | 11 |
| 2-қосымша «Әлеуметтік белсенділік көрсеткіштері»        | 12 |
| Келісу парағы                                           | 13 |
| Өзгерістерді тіркеу парағы                              | 14 |
| Танысу парағы                                           | 15 |

|                                                                                                                  |                                                                                                 |                                                     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| <br>ASTANA MEDICAL<br>UNIVERSITY | «Астана медицина университеті» КеАҚ<br>Менеджменттің интеграцияланған жүйесі                    | Е-АсМУ-15-02-26<br>№ 1 басылым.<br>15 беттің 4-беті |
|                                                                                                                  | «Астана медицина университеті» КеАҚ<br>білім алушыларының интегралдық GPA енгізу туралы ережесі |                                                     |

## 1. Жалпы ереже

1. «Астана медицина университеті» КеАҚ білім алушыларының интегралдық GPA енгізу туралы осы ережесі (бұдан әрі – Ереже) Білім алушылардың академиялық және оқудан тыс белсенділігінің интегралдық көрсеткішін есептеу, есепке алу және қолдану тәртібін айқындайды.

2. Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарының (ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 241 қаулысымен бекітілген) 105-тармағын іске асыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 4 қаңтардағы № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары студенттерінің интеграцияланған, соның ішінде әлеуметтік GPA енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

3. Ереже Білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді, соның ішінде:

- 1) 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына;
- 2) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- 3) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына.

4. «Астана медицина университеті» КеАҚ-та (бұдан әрі – Университет) интегралдық GPA (бұдан әрі – **IGPA**) енгізу – денсаулық сақтауды, ғылымды дамытуға және қоғамдық денсаулықты нығайтуға үлес қосуға қабілетті жоғары медициналық білімі бар құзыретті, жауапты және әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

5. **IGPA** көрсеткіші білім алушының академиялық үлгерімі, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік-мәдени және спорттық жетістіктері негізінде оның жан-жақты дамуын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

6. Осы Ереже білім алушылардың дамуының тұрақты жүйесін құруға, академиялық, ғылыми және қоғамдық іс-шараларды болашақ денсаулық сақтау мамандарын даярлау сапасының бірыңғай көрсеткішіне интеграциялауға бағытталған.

7. **IGPA** Университеттің ішкі көрсеткіші болып табылады және академиялық бағалауды алмастырмайды, бірақ білім алушылардың жетістіктерін бақылаудың қосымша құралы ретінде қолданылады.

## 2. Негізгі міндеттері

8. Осы Ережеде 1-кестеде келтірілген терминдер мен анықтамалар пайдаланылады

*1- кесте. Терминдер мен анықтамалар*

| Термины                                                                              | Анықтамалар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Жетістіктердің (IGPA, Integrated Grade Point Average) интегралдық орташа балы</b> | білім алушының оқу жылындағы академиялық үлгерімін, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік, еріктілік, спорттық және шығармашылық белсенділігін көрсететін дамуының кешенді көрсеткіші. Білім алушының жеке және кәсіби дамуының қосымша көрсеткіші болып табылады және оның жетістіктерін кешенді бағалау үшін қолданылады.                  |
| <b>Білім алушының академиялық жетістіктері</b>                                       | жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша оқу кезеңінде білім алушылардың меңгерген және оның оқу жетістіктерінің, зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерінің жалпы деңгейін сипаттайтын білімдер, дағдылар мен құзыреттер жиынтығы;                                                   |
| <b>Орташа балл (Grade point Average-GPA)</b>                                         | таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының цифрлық баламасына кредиттер туындылары сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың осы түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы); |

|                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| <br>ASTANA MEDICAL<br>UNIVERSITY | «Астана медицина университеті» КеАҚ<br>Менеджменттің интеграцияланған жүйесі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Е-АсМУ-15-02-26<br>№ 1 басылым.<br>15 беттің 5-беті |
|                                                                                                                  | «Астана медицина университеті» КеАҚ<br>білім алушыларының интегралдық GPA енгізу туралы ережесі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                     |
| Білім алушының зерттеу жетістіктері (iROS – indicators of Research-Oriented Study)                               | зерттеу және жобалау қызметі (оның ішінде хакатондар мен стартаптарға қатысу) процесінде алған, индикаторлармен өлшенетін және оның зерттеу дағдыларының орташа балын көрсететін білім алушының зерттеу дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы;                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                     |
| Білім алушының әлеуметтік және спорттық жетістіктері(SSCI-social and sporty competition indicators)              | білім алушының қоғамдық (қоғамға қызмет ету (community service), оның ішінде волонтерлік қызмет), әлеуметтік және спорттық қызмет процесінде алған, индикаторлармен өлшенетін және оның әлеуметтік құзыреттердің орташа балын көрсететін дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы;                                                                                                                                                                                                                                         |                                                     |
| Зерттеу құзыреті                                                                                                 | зерттеу жүргізу, белгілі бір жаңа білім алу, интеллектуалды жаңа өнім алу, жаңа жоба құру, мәселенің жаңа шешімі бойынша білім, қабілет, дағдылар мен тәжірибелер жиынтығы; адам кез-келген мәселені тиімді зерттеуде көрсетуі керек қасиеттер мен дағдылар. 3 зерттеу құзыреттілігін дамытудың мақсаты зерттеу дағдыларын қалыптастыру және үнемі өзін-өзі жетілдіру арқылы ғылыми зерттеулер жүргізе алатын түлекті даярлау болып табылады;                                                                           |                                                     |
| Әлеуметтік құзыреттілік                                                                                          | бұл адамның қазіргі қоғамда бейімделуіне, сындарлы және жанжалсыз өзара әрекеттесуіне, кәсіби міндеттерді нәтижелі шешуге және әртүрлі әлеуметтік рөлдерді ойнауға мүмкіндік беретін тұлғаның интегративті қасиеті. Әлеуметтік GPA практикалық тәжірибені жинақтаудың және визуализациялаудың, әртүрлі қызмет түрлеріндегі жетістіктерді таныстырудың, білім алушының әлеуметтік тәжірибесі мен кәсіби біліктілігін көрсетудің ыңғайлы тәсілі болып табылады.                                                           |                                                     |
| Волонтерлік қызмет                                                                                               | ресми құжаттармен (сертификаттармен, алғыс хаттармен, қатысушылар тізімімен және т.б.) расталған, адамдарға, ұйымдар мен қауымдастықтарға көмектесуге бағытталған білім алушының қоғамдық тегін пайдалы қызметі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                     |
| Шығармашылық белсенділік                                                                                         | білім алушының мәдени, көркемдік, ағартушылық, шығармашылық және патриоттық іс-шараларға қатысуы (концерттер, конкурстар, фестивальдар, қойылымдар, акциялар).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                     |
| Растайтын құжат                                                                                                  | IGPA есептеу кезінде ескерілетін іс-шараға немесе белсенділікке білім алушының қатысуын куәландыратын ресми құжат (сертификат, диплом, алғыс хат, анықтама, бұйрық, қатысушылар тізімі және т.б.).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                     |
| Ақпараттық жүйе                                                                                                  | білім алушылардың жетістіктерін тіркеуге, растайтын құжаттарды жүктеуге, деректерді тексеруге және IGPA есептеуге арналған университеттің электрондық цифрлық платформасы. IGPA ақпараттық жүйесі IGPA көрсеткішін жинау, сақтау, өңдеу және есептеу процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін университеттің ресми цифрлық құралы болып табылады. Жүйеге жүктелген барлық деректер міндетті түрде тексерілуге жатады және Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасына сәйкес қорғалады. |                                                     |
| IGPA бағалау жүйесі                                                                                              | білім алушылардың жетістіктерінің интегралдық орташа балын жинауды, тексеруді, есепке алуды, талдауды және есептеуді қамтамасыз ететін қағидалар, рәсімдер мен алгоритмдер жиынтығы.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                     |

9. Осы ережеде 2-кестеде көрсетілген келесі қысқартулар мен белгілер қолданылды.

*2 - кесте. Қысқартулар мен белгілер*

| Қысқартулар мен белгілер                                                              | Берілген белгілер мен қысқартулардың толық атауы                                                                                                                                                            |
|---------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>IGPA — Integrated Grade Point Average (жетістіктердің интегралдық орташа балы)</b> | білім алушының академиялық, ғылыми, әлеуметтік, еріктілік, спорттық және шығармашылық белсенділігін көрсететін дамуының қосымша көрсеткіші.                                                                 |
| <b>ЭТЖД</b>                                                                           | Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті – білім алушылардың әлеуметтік белсенділігі бойынша деректерді ұйымдастыруды, сүйемелдеуді және верификациялауды жүзеге асыратын университеттің құрылымдық бөлімшесі. |
| <b>Университет</b>                                                                    | «Астана медицина университеті» КеАҚ.                                                                                                                                                                        |
| <b>СР</b>                                                                             | Студенттік ректорат – студенттік өзін-өзі басқару – білім алушылардың әлеуметтік және еріктілік қызметін растауға қатысатын білім алушылардың белсенділік нысаны.                                           |
| <b>АЖ</b>                                                                             | растайтын құжаттарды жүктеуге, сақтауға және тексеруге, сондай-ақ <b>IGPA</b> есептеуге                                                                                                                     |

|                                                                                                                  |                                                                                                                                                                         |                                                     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| <br>ASTANA MEDICAL<br>UNIVERSITY | «Астана медицина университеті» КеАҚ<br>Менеджменттің интеграцияланған жүйесі                                                                                            | Е-АсМУ-15-02-26<br>№ 1 басылым.<br>15 беттің 6-беті |
|                                                                                                                  | «Астана медицина университеті» КеАҚ<br>білім алушыларының интегралдық GPA енгізу туралы ережесі                                                                         |                                                     |
|                                                                                                                  | арналған Университеттің ақпараттық жүйесі.                                                                                                                              |                                                     |
| РҚ                                                                                                               | білім алушылардың белсенділігін есепке алу үшін пайдаланылатын растайтын құжаттар (сертификаттар, алғыс хаттар, дипломдар, анықтамалар, қатысушылар тізімі, бұйрықтар). |                                                     |
| ОПҚ                                                                                                              | университеттің оқытушы-профессорлар құрамы.                                                                                                                             |                                                     |
| ҒДД                                                                                                              | Ғылымды дамыту департаменті – білім алушылардың ғылыми белсенділігін растауға жауапты бөлімше (конференциялар, жарияланымдар, зерттеулер және т.б.).                    |                                                     |
| СБ                                                                                                               | Университет базасында жұмыс істейтін студенттік ұйымдар мен бірлестіктер.                                                                                               |                                                     |

## 10. Интегралдық GPA енгізу тәртібі:

1) Университетте жетістіктердің интегралдық орташа балын (IGPA) енгізу білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін, көшбасшылық қасиеттерін, азаматтық белсенділігін қалыптастыру, сондай-ақ олардың қоғамдық, спорттық, мәдени, ғылыми және волонтерлік қызметке тартылуын арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

2) IGPA жүйесі курсына, білім деңгейіне және оқыту нысанына қарамастан Университеттің барлық білім алушылары үшін енгізіледі және бір оқу жылы шегінде қолданылады. IGPA көрсеткіші жыл сайын білім алушылардың құжатталған белсенділігінің нәтижелері бойынша есептеледі.

3) IGPA енгізу және оның жұмыс істеуі келесі қағидаттарға негізделеді:

еріктілік – білім алушылардың қалауы бойынша;

жетістіктерді есепке алу рәсімдерінің объективтілігі мен ашықтығы;

ұсынылған деректердің дұрыстығы үшін білім алушының жеке жауапкершілігі;

білім алушылардың іс-шараларға қатысуға және балл алу мүмкіндіктеріне тең қолжетімділігі;

қызметтің барлық түрлерінің ресми құжаттармен расталуы;

Академиялық адалдық нормаларын сақтау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің нормативтік құжаттарына сәйкестігі.

## 11. IGPA енгізу процесі келесі қадамдарды қамтиды:

1) білім алушылардың деректерді тіркеуі және жүктеуі: білім алушы белгіленген нысанда өзінің академиялық, ғылыми, әлеуметтік, волонтерлік, спорттық және шығармашылық белсенділігінің түрлерін көрсете отырып, Университеттің ақпараттық жүйесінде электрондық бейінді толтырады. Әр позицияға растайтын құжаттар бекітіледі.

2) деректердің толықтығын алдын ала тексеру: ақпараттық жүйе міндетті өрістердің болуын және жүктелетін файлдардың форматтарының дұрыстығын автоматты түрде тексеруді жүзеге асырады.

3) жауапты бөлімшелердің ақпаратты верификациялауы:

ӘТЖД әлеуметтік, мәдени, еріктілік және спорттық белсенділікті тексереді және растайды.

ҒДД және мектептер ғылыми белсенділікті растайды.

Мектептер, кафедралар, оның ішінде кураторлар, СР және СБ өз бағыттары бойынша іс-шараларға қатысушылардың деректері мен тізімдерін ұсынады.

Қызметтің барлық түрлері ресми растау болған жағдайда ғана ескеріледі.

4) IGPA бастапқы рейтингін қалыптастыру: деректерді тексеру аяқталғаннан кейін ақпараттық жүйе білім алушылардың алдын ала рейтингін автоматты түрде қалыптастырады.

5) қорытынды деректерді растау: жауапты бөлімшелер деректерді салыстырады, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді, содан кейін қорытынды нәтижелерді бекітеді.

6) қорытынды IGPA есебі: IGPA қорытынды көрсеткіші белгіленген формула бойынша оқу жылы және одан кейінгі жазғы кезең үшін автоматты түрде есептеледі және Университеттің ақпараттық жүйесінде келесі оқу жылының 1 қыркүйегінен кешіктірілмей тіркеледі.

## 12. IGPA көрсеткіші жинақтаушы болып табылады және енгізілген сәттен бастап қолданылады. Алдыңғы жылдардағы жетістіктер IGPA есебінде ескерілмейді.

13. IGPA енгізу білім алушыларды қолжетімді іс-шаралар, балл алу мүмкіндіктері, құжаттарды растау рәсімі және деректерді беру мерзімдері туралы үнемі хабардар етумен қатар жүреді. Ақпаратты баспасөз қызметі Университеттің ресми сайтында және ӘТЖД ақпараттық

|                                                                                                                  |                                                                                                         |                                                     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| <br>ASTANA MEDICAL<br>UNIVERSITY | <b>«Астана медицина университеті» КеАҚ<br/>Менеджменттің интеграцияланған жүйесі</b>                    | Е-АсМУ-15-02-26<br>№ 1 басылым.<br>15 беттің 7-беті |
|                                                                                                                  | <b>«Астана медицина университеті» КеАҚ<br/>білім алушыларының интегралдық GPA енгізу туралы ережесі</b> |                                                     |

ресурстарында (amu\_dsvr, WhatsApp) орналастырады.

14. IGPA-ны ұйымдастыруға, әдістемелік сүйемелдеуге, дұрыс есепке алуға және уактылы енгізуге жауапты:

- 1) Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті;
- 2) Ғылымды дамыту департаменті;
- 3) Университеттің мектептері мен кафедралары;
- 4) Студенттік өзін-өзі басқару.

15. Университет техникалық қолдауды, деректердің сақталуын және IGPA есептеу үшін қолданылатын ақпараттық жүйенің жұмысын қамтамасыз етеді.

16. Техникалық іске асыру:

1) Цифрландыру департаменті – тиісті процестерді автоматтандыру құралдарын әзірлеуді, енгізуді және сүйемелдеуді жүзеге асырады.

2) білім алушы қызметтің барлық түрлерін көрсете отырып және растайтын құжаттарды жүктей отырып, Университет бекіткен ақпараттық жүйеде электрондық бейінді толтырады.

3) жауапты тұлғалар деректерді тексеруді жүзеге асырады:

ҒДД – білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін растауды және бағалауды қамтамасыз етеді;

ӘТЖД – деректерді жинауды, өңдеуді және жүйелеуді жүзеге асырады;

